

Түсіпбекова Ш. М., аға оқытушы, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

ӨӘЖ 75.03

БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРГЕ ДАЯРЛЫҚ КУРСЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Резюме

В данной статье говорится о повышении интереса к рисунку у абитуриентов. Целью статьи является обучение правилам и методам рисунка, а также рисовать по этапно.

Summary

In this article it is spoken about increase of interest to drawing at entrants. The purpose of article is training in rules and drawing methods, and also to draw on etapno.

Егер жас талапкер сурет үйірмесінде немесе өнер студиясында айналысуға мүмкіндігі болса, яғни қажетті жағдайларда кәсіби даярлығы бар суретшіден ақыл-кеңес ала алса жақсы, бұл оның жұмыста алға басуын жеңілдетеді. Бірақ бұған жұрттың бәрінің қолы жете бермейді, олардың көпшілігіне жолды бағыт-бағдарсыз іздестіре отырып, өз беттерімен еңбектенуіне тура келеді. Даярлық курсы негізінен осындай талапкерлерге арналып, оларды түрлі жаңсақтықтар мен өрескел қателіктерден сақтануға көмектесу үшін жүргізіледі.

Әуесқой суретшілер шеберлігінің орташа деңгейі профессионал суретшілерге қарағанда төмен екені құпия емес. Бұл баршаға мәлім, бірақ істің жайы мұнда емес. Талапкер өнерге-үлен де күрделі құбылысқа басқа өлшеммен қарауы керек. Өрбір шығарма бұл жерде талапкердің ақыл-ойының, сана-сезімінің, күйініш-сүйінішінің нәтижесі ретінде пайда болады да ең болмағанда сурет салушының өзі түсінген шығармашылық жетістіктердің белгілі бір жиынтығы болып табылады. Кез келген шығармашылық сияқты, ол өзіндік ерекшелігі бар, қайталанбайтын өнер. Оның үстіне талапкер өнердегі басты нәрсе-оның ақырғы нәтижесі емес, жасалған шығарма емес, өмірді тану, шығармашылыққа ат салысу процесінің өзі. Сурет өнерін меңгеру - мұның өзі де білім мен дағдыларға ие болу. Аспаптарды, материалды, жұмыс техникасын жақсы білу, профессионалдық шеберлік тәсілдерін меңгеру қажет.

Бұл оқуға түскісі келетіндердің, жұмыста ең болмағанда өзіне көрінетіндей табысқа ие болып, одан ляззат алғысы келетіндердің бәріне қажет. Ең алдымен түрлі ережелер мен мәліметтерді мүмкіндігінше көбірек жаттап алып, содан кейін ғана жұмысқа кіріскен жөн деп ойламау керек. Бәрінен бұрын өз көзіне және өзінің жеке сезіміне көбірек сену қажет. Оның өзінде жеке бастық тәжірибесі, өз тәжірибесі теориялық білімдерді бейне бір басып озып, оларға деген жанды қажетсінууді тудыруға тиіс. Талапкер шығармашылық арқылы үйренуі

тиіс. Талапкерлер бойында жанды қызығушылық, жұмысқа деген шығармашылық көзқарасты дамытуы керек.

Мысалы, қандайда бір заттың өзіне қарап суретін салу сияқты тіпті қарапайым міндетті шеше отырып, олар мүмкіндігінше оның атқаратын қызметіне терең ой жіберуге, сол заттың алуан түрлі қасиеттерін белгілеуге, оның конструкциясы мен формаларының ерекшеліктеріне, оның үстіндегі жарық пен көлеңкенің құбылуына, заттың және оның айналасындағылардың өң-түсінің арақатынасына назар аударуға тиісті.

Талапкерге мейлінше қызықты да сипатты болып көрінетіндердің бәрін шығармада шынайы бейнеленуі тиіс. Талапкердің есінде болуы керек, егер өздері белсенді де табанды болмаса, өз еңбектерінің нәтижелерін ой елегінен өткізуге ұмтылмаса, ешқандай дайындық, ешбір жетекші одан дизайнер шығара алмайды. Қойылымға қарап сурет салумен қатар есте сақтап, жатқа сурет салуды үйрену керек. Жатқа сурет салып жаттығу нәрсені дұрыс бақылауға, көз алдына ойша елестетуге ерекше ықпал жасайды. Нәрсенің бейнесі жадында неғұрлым айқын болса, оның суретін соғұрлым нақты бейнелеуге болады. Жатқа сурет салуға жаттығу үшін үнемі нобай, долбар жасап жаттығып отыру керек.

Ұзақ салынатын суреттен нобай жасаудың айырмашылығы-нәрсенің ұсақ бөлшектеріне онша назар аударылмай, негізгі сипатына мән беріліп бейнеленеді. Нобайдың міндеті - нәрсенің ең негізгі маңыздыларын бейнелеу. Нобай жылдам сурет салуға жаттықтырады. Мұндағы ең басты мақсат-ең әуелі нәрселердің жалпы формасын, ортақ пропорцияларын, жарық пен көлеңкені есте ұстау. Адамның, жан-жануарлардың не белгілі бір нәрсенің сырт нобайын ғана бейнелейтін сызықты контур дейміз.


Талапкер графикаға немесе кескіндеме не декорациялық-безендіру өнеріне белгілі бір дәрежеде жеке іш тарта қарауы, оны жақсы керуі мүмкін, бірақ ол суретпен де кескіндемемен де, композициямен де айна-

лыспай, кез келген салада жақсы дизайнер болуға болмайтынын есте ұстауға тиіс.

Даярлық курсына затқа қарап сурет салу жұмысын есте ұстағандары бойынша және қиялы бойынша жасалатын жұмыспен, ұзаққа созылатын және тез бітетін жұмыстармен міндетті түрде кезектестіріп отыру талап етіледі.

Талапкер жеңіл сызықтармен бейнеленгені отырған нәрселердің ең алдымен сыртқы пішінін контур сызық арқылы бейнелейді. Нәрсенің бірден көзге түсе қоймайтын, бірақ үңіліп қарағанда мән-маңызы бар, қызықты сипаттары мен белгілерін көре білушілік байқағыштық қабілет деп аталады. Байқағыштық жаттығу арқылы пайда болады. Байқағыштықты дамытудың ең жақсы тәсілдерінің бірі-нәрсенің өзіне қарап отырып сурет салу болып табылады. Бейнелейтін нәрсені зерттеу үшін оны жүйелі түрде бақылауға үйрену керек. Сурет салу барысында нұсқаны байқау дегеніміз - нәрсенің құрылысын, нәрселердің кеңістікте орналасуын, пропорциялық қатынасын анықтай білу. Белгілі бір нәрселердің суретін салғанда оларды геометриялық денелермен салыстырған жөн. Мысалы, шар, куб, конус, цилиндр, т.б. геометриялық денені суретке сала білу нәрселер мен заттарды жақсы бейнелеуге жәрдемін тигізеді. Өйткені кез келген зат жай геометриялық дененің жиынтығы болып табылады.

Сурет салғандағы негізгі міндет қағаз бетіне нәрсенің пішінін дұрыс белгілеп бейнелеу. Қағаз бетіне нәрсенің нақтылы пішінін ойша бейнелеуге дағдыланған жөн. Нәрсеге қарап сурет салғанда бейнелейтін нәрселердің қағаз бетіне түгелдей дұрыс орналасуын, яғни қағаздың жоғарғы, төменгі жағынан артық орын қалмауын ойластыру керек. Затқа қарап сурет салғанда қағаз бетіне нәрсенің жоғарғы және төменгі шекараларын белгілеп алу керек. Сурет шекараларын белгілегенде нәрсенің негізгі пропорциялары белгіленеді. Егер осы кезде қателіктер кетіп, ол дер кезінде түзелмесе, онда нәрсенің формасы дұрыс шықпайды, сурет мүлдем жарамсыз болуы мүмкін. Нәрсені қағаз бетіне ұқыпты, белгілі тәртіппен орналастырғанда қағаздың жан-жағынан аздап ашық орын қалдырған жөн. Сонда ғана бейнеленетін заттар әдемі болып, кеңістікте көріне алады. Суреті салынатын нәрселердің қағаз бетіне дұрыс орналастыру үйлестірудің (композицияның) бастапқы негізі болып табылады. Сурет салғанда кеңістікте нәрсенің нақтылы пішінін суреттеуге үйрену керек. Ол үшін әрбір нәрсенің формасын, жанындағы нәрселермен салыстырғанда алатын орнын, көлемін, жарық пен көлеңкесін, қалай орналасуын жақсы білу қажет, 1, 2-суреттерді қараңыз.



1 сурет – Геометриялық денелерден құралған қойылым

Сурет салғанда нәрсе өң беру арқылы реңдік қатынаспен шешіледі. Жарық пен көлеңкені дұрыс меңгерудің нәтижесі ұқыпты, әдемі сурет салуға бағыттайды. Қарапайым


нәрселердің негізі бір ғана геометриялық денеден тұрады.

Мысалы, банканың негізі-цилиндр, жәшіктің негізі-куб. Күрделі нәрселердің негізі екі не үш әр түрлі геометриялық денелер-

ден тұрады. Жай геометриялық денелердің немесе олардың бөліктерінің белгілі бір тәртіппен қосылып орналасуын нәрсенің құрылымы дейміз. Күрделі нәрселердің суретін салғанда ең әуелі олардың пішіні қандай геометриялық денелерден тұратынын анықтап алған жөн. Нәрсенің бөліктеріндегі геометриялық денелерді жіңішке сызықпен белгілеу керек.

Яғни, құрылысын немесе суретші сөзімен айтқанда, конструкциясын анықтау керек. Бір нәрсенің суретін саларда ең әуелі өбден зейін аударып, оның симметрия осіне назар аудару керек. Сурет салу барысында басты нәрсеге, яғни пропорцияға ерекше

көңіл бөлу дұрыс бейнелеуге үйретеді. Нәрсе бөліктерінің шама жағынан өлшемдік арақатынасы пропорция деп аталады. Басқаша айтқанда, ол - нәрсенің биіктігінің көлденеңіне, бір бөлігінің екінші бөлігіне шама қатынасы. Нәрсенің пропорциясын анықтау нәрсені көріп бейнелеуге дағдыландырады. Нәрсенің өзіне қарап сурет салғанда пропорциясын анықтау үшін көзбен мөлшерлеп бейнелеуге жаттығу өте орынды. Нәрселердің өзіне қарап суретін салғанда олардың пішінін әрбір бөлігі бойынша бейнелеуге тырыспай, оны бүтін қабылдап бейнелеуге үйрену керек. Сурет салғанда жалпыдан жекеге көшу принципін ұстану керек.



2 сурет – Геометриялық дене және тұрмыстық заттардан құралған қойылым


Барлық нәрселердің негізі болып табылатын ең жай формалар-геометриялық денелер, олар: куб, цилиндр, конус, призма, пирамида, т.б. Міне талапкерлерді үйретуді де осыдан бастау керек. Мысалы 1-суретте «Геометриялық денелерден құралған қойылым» студент жұмысы. Суретті сәтті салу үшін көрген нәрсені кеңістікте аумақтық тұрғысынан қабылдай білу керек. Заттарды көшіре салмай, заттың құрылымына, оны геометриялық құрылысына талдау жасау керек. Бейнеленетін нәрсенің сыртқы пішіні жарық пен көлеңке арқылы анықталады.

Сурет әдетте кезеңмен біртіндеп салынады. Алғашқы кезең-компоновка (суретті қағазға дұрыс орналастыру). Мұнда бейнеленетін заттардың жалпы пішіндерін жобалап сомдап, бір-бірінің арақатынасын өлшемдерін тексереміз. Осы кезеңде негізінен ЕСКЕ сақтайтын нәрсе суреттің қағаз бетіндегі алған тиянақты орнын анықтау. Сурет қағазымыздың орта шенінде орналасып, екі қапталынан, жоғарғы жағынан көп орын бос қалмағаны жөн. Осының бәрінің заңдылықтарын сақтап, заттардың құрылысының қаң-

қасын бір жүйеге келтіргеннен кейін, келесі кезеңге аяқ басамыз.

Келесі кезеңде жарық пен көлеңкенің алып жатқан орынын анықтап, олардың шекараларын белгілейміз. Жарық қай жақтан түскендігін анықтаймыз, суретті әрі қарай штрихтармен пысықтай түсеміз. Штрихтау біртіндеп көлеңке жағынан басталады. Штрихтар алдында заттардың өн бойындағы ең жарық жер-жылтты (блик), жартылай жарық, жартылай көлеңкені өз кезегімен орын-орынына қойып, әлсіз жіңішке сызықпен бөліп көрсеткен жөн. Еске сақтайтын бір нәрсе, заттың пішінін штрих қоюлығымен толық көрсетіп шыққан кезде жылт штрихталмай, ақ қағаз күйінде қалады.

Өйткені ол жарықтың ең бір шағылысқан тұсы. Қалған жерлерін ашық-қоюлығына қарай штрихтардың бірнеше қабат ретімен бастырып шығамыз. Жұмыстың соңында суреттің композициялық бірлігін, жарық пен көлеңкенің жарасымдылығын қадағалап, өткір көзбен тексеріп алған жөн. Төменде 3-суретте кезеңмен салынған гипсті басты салу реті көрсетілген, ал 4-суретте әр қырынан салынған гипсті бас. Дизайн мамандығына түсушілер емтиханда гипстен жасалған басты салатын болғандықтан даярлық курында гипстен жасалған басты салуға көбірек көңіл бөлінеді.



3 сурет – Кезеңмен салынған гипсті бас



4 сурет – Әр қырынан салынған гипсті бас

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.С. Щипанов. Эуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге. – Алматы.: Мектеп, 1989. – 411б.
2. Н.Н. Ростовцев. Академический рисунок. - М.: Просвещение, 1984. - 85б.
3. Учебный рисунок. Под ред. Королева В.А. – М.: Изобразительное искусство, 1981. -192 б.
4. А.Т. Тулебиев. Сурет сала білесіңбе? – Алматы: Өнер, 1990. -19 б.
5. Қ. Сарбағысов. Ә. Төлебиев, Жас суретшіге көмек. - Алматы: Рауан, 1996. -275 б.
6. Е. Каменова. Кемпірқосақтың түсі қандай. - Алматы: Өнер, 1981. -48 б.